ұйымдастырылған іс-әрекет	жүгіру. 1.Жалпы дамыту жаттығулары. 2.Негізгі бөлім Негізгі қимыл жаттығулары - «Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 х 50 сантиметр модульге өрмелеу. 3.Қорытынды бөлім. Демалу жаттығулары Қимылды ойын: «Қасқырға арналған қақпан» Кіріктірілген ҰІӨ (Қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, сенсорика, көркем әдебиет) Тақырыбы: «Аңдар» Бәріміз орнымыздан тұрып, табиғат бұрышына барайық. Қандай аңдардың суреттерін көріп тұрмыз? Қоян, қасқыр, аю. Олардың қимылдарын жасап көрсетейікші. Қолымызға ұнаған	жоспарымен) Кіріктірілген ҰІӨ (Қоршаған ортамен таныстыру, мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, сенсорика, жапсыру) Тақырыбы: «Қоян» Балалар бір дыбыс естілеме тындайықшы? Аңдардың дауысы естіледі. Ортадан қорап тауып аламыз. Ішінен қоянның суреті шығады. Балалар қоянға қандай мүшесі жетіспей тұр. – Құлағы жоқ. Дұрыс айтасыздар. Енді қоянның құлағын ақ түсті ермексаздан жасап, жетпей тұрған денесін толықтырайық. Әрмен қарай мен сендерге «Мақтаншақ қоян» туралы ертегі айтып	жүгіру түрлері. 1.Жалпы дамыту жаттығулары. 2.Негізгі бөлім. Негізгі қимыл жаттығулары - Еңбектеу, шеңбер астынан өту. 3.Қорытынды бөлім. Демалу жаттығулары. Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар» Кіріктірілген ҰІӨ (Көркем әдебиет, мүсіндеу, сенсорика, жапсыру, қоршаған ортамен таныстыру) Тақырыбы: «Қасқыр» Балалар мен сендерге ертегі айтып берейін. Жақсылап тындаймыз. «Жеті лақ» ертегісі. Балалар тыңдап, қойған сұрақтарға	жүгіру түрлері. 1.Жалпы дамыту жаттығулары. 2.Негізгі бөлім. Негізгі қимыл жаттығуларын жасау. - Еңбектеу мен өрмелеуді қайталау. 3.Қорытынды бөлім. Қимылды ойын: «Аңшы мен қасқырлар» Кіріктірілген ҰІӨ (Сөйлеуді дамыту, кұрастыру, сурет салу, мүсіндеу көркем әдебиет) Тақырыбы: «Түлкі» Жұмбақ жасыру. Өзі айлакер, өзі қу (Түлкі) Түлкі туралы суретке қарап әңгімелеу. Бөліктерге бөлінегн түлкіні кұрастыру. Телефон шырылдап түлкі көмек сұрайды. Өзінің суретін әдемілеп бояп беруді өтінеді. Бірақ боялған суретте түлкінің	сенсорика, кұрастыру, жапсыру, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Тақырыбы: «Орман аңдары» «Орман аңдары» тақырыбында сурет бойынша әңгімелеу. Аңдардың аттарын айту. Қимылдарын жасау. Саусақ қимылдарын дамыту арқылы «Көлеңкесін тап» ойынын ойнау. Әрі қарай ойлауын дамыту үшін «Сыңарын тап» ойыныны ойнаймыз.Балалар қандай аңдарды білеміз? Қасқыр, аю, қоян, түлкі. Осы аңдарды түстеріне сәйкес орындарына орналастырайық. Осы аңдардың
---	---	--	--	--	---

	андардың суретін алып, әдемілеп бояйық. Енді үстел үстіндегі бөлікке бөлінген суреттерге қарайық. сыңарларын тауып, түстерімен сәйкестендірейік. Ненің суреті шықты? Аңдардың суреті дұрыс айтасындар. Қоянға арнап тақпақ айтып берейік. Секең-секең ақ қоян, Саған не деп ат қоям. Сәбіз берем, шөп берем, Көжегіңді бақ қоян. Ойын: «Қоржында не жасырынды?» Жасырынған затты алып атын айту. Кіріктірілген іс – әрекетті қорытындылау.	берейін . Мұқият тыңдаңдар. Енді қоян бейнесін әртүрлі піндерден бейнелеп көрейік. Жарайсындар керемет бейнеледіңдер. Осы қояндарымызды фланелеграфта орналастырайық. Өте жақсы орналастырдыңдар. Кіріктірілген іс-әрекетімізді ойынмен қорытындылайық. Ойын: «Аңдардың тамағы» Қай аң қандай тамақты жақсы көретінін тауып көрейік. Жарайсындар. Мадақтау.	жауап береді. Енді қасқырдың бейнесін жағу арқылы мүсіндейік. Балалар лақтарға көмектесіп, қасқырдан қашқан лақтарды түрлі түсті үйлерге орналастырайық. Үй жануарлары мен дала аңдарын ажырату үшін түрлі суреттерді көрсету. Ойын: «Сыңарын тап» ойынын ойнау арқылы қорытындылау. Мадақтау.	құйрығы жоқ екен. Балалар түлкінің құйрығын ермексаздан жасап түлкіге құйрық жасап берейік. Жарайсындар. Енді түлкіге арнап тақпақ айтып берейік. Тақпақ «Түлкішек» Жарайсындар балалар Ойын: «Өз үйіңді тап» Қорытындылау. Мадақтау.	ішінде қайсысы үлкен? Қайсысы кішкентай? Осы аңдардың ішіндегі аю туралы аңға ертегі айтып берейін . «Үш аю» ертегісін тыңдайық. Айтып беру және видеодан көрсету. Табиғат бұрышына саяхат жасау. Табиғат бұрышындағы жануарларды бақылау. Қорытындылап, жақсы қатысқан балаларды мадақтау.
2- таңғы ас	«Тамақтан кейін ауыз шайқау»	«Сөйлемей тамақтану»	Су мен сабын біздің көмекшіміз»	«Қолды құрғақ етіп сүртеміз»	«Тазалықты сүйеміз»
Серуенге дайындық	Қолғаптарын ұмытпай киюді айту, салқын күні қолғапсыз жүруге болмайтынын ескерту.	Киімдерінің теріс жағын кимеуге үйрету.	Киімдерін дұрыстап шешуге, киімдерін үлкендердің көмегімен киюге	Серуенге шыққан кездегі таза ауадағы өзін-өзі ұстау ережелерімен	Саппен шығу, саппен кіруді үйрету.

			үйрету.	таныстырыру.	
Серуен	№7	№5	№9	№10	№4
Серуеннен оралу	Саппен бір-бірін итермей кіруге үйрету.	Сөрелерін таза ұқыпты ұстауға мадақтау арқылы баулу.	Аяқ киімдерін орындарына қоюға үйрету.	Серуенне кейін тәрбиешінің көмегімен қолды сабындап жууға дағдыландыру.	Сырт киімдерін шкафтарына дұрыстап іліп қоюға үйрету.
Түскі ас	«Тамақ ішкенде сөйлемейміз» жаттығуы. Міндеттері: Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгігпеу, тамақты ауызды жауып шайнау.	«Жылы су, жылы су» тақпақ қайталау. Міндеттері: Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталауға үйрету.	«Құрғақ, жұмсақ орамал» ойын жаттығуы Міндеттері: қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.	«Қасықты дұрыс ұстаймыз» жаттығуы Міндеттері: Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру.	«Қолымызды дұрыстап жуамыз» жаттығуы. Міндеттері: Жеңдерің өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін үйрету.
Күндізгі ұйқы	«Бесік жыры»	«Жанға жайлы әуен»	«Тәтті ұйқыға кетеміз»	«Әже әлдейі»	«Ана жыры»
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі ұйқы ашар жаттығуы мысық болып керілу.	Тікенек жолдармен жүру.	Арқамызға массаж жасаймыз.	Кедір – бұдыр жолмен жүру.	Төсектегі ұйқы ашар жаттығуы «Велосипед» тебу.
Бесін ас	«Сөйлемей тамақтану»	«Тамақтан кейін ауыз шайқау»	«Қолды құрғақ етіп сүртеміз»	«Су мен сабын біздің көмекшіміз»	«Тазалықты сүйеміз»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	(Құрастыру, жапсыру, мүсіндеу, сөйлеуді дамыту) Аңдардың сыңарын табу, көлеңкесін табу, жетіспей тұрған дене мүшелерін толықтыру. Не құрастырдыңдар,	(Көркем әдебиет, құрастыру, сурет салу) Кітап бұрышынғы кітаптардан қоянның суреттері бар кітаптарды қарап әңгімелесу.	(Сурет салу, құрастыру, сөйлеуді дамыту) Топтарға бөлініп ойындар ойнау. Қасқырдың суретін алып бояу, қиылған суреттерден	(Қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика, жапсыру) Ойын: «Не сатып алынды?» Сатушы мамандығы туралы айтып, сөйлеуге үйрету.	(Сурет салу, мүсіндеу) Бояу қимылды ойын «Аңшылар» Екі топқа бөліп ойын арқылы сурет салу мен мүсіндеу. Бауырсақ

	жапсырдыңдар, олар не үшін керек сұрақтарын қойып байланыстырып сөйлеуді дамытуға жұмыстану.	Құрастыру арқылы қоянның құлағын дене мүшелерін құрастыру, суретін әдемілеп бояу.	қасқырдың суретін құрастырып сынарларын табу. Қасқыр туралы суретке қарап әңгімелеу.	Дүкеннен ойыншық түлкі сатып алып, бейнелеріне қарап қиылған пішіндерден түлкі бейнесін жасау және фланелеграфта жапсыруды үйрету.	ертегісіндегі аңдардың суретін бояуға, құлақтарын мүсіндеуге үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	Нурасыл мен Рамазанмен ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсіндіру.	Маржан мен Әсем табиғаттың маусымдық өзгерістерін айту.	Айзеремен мүсінделген заттардың пішіндерін таныс заттармен салыстыруды үйрету.	Хасан мен Шыңғыспен заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсіндіру.	Абдулла мен Мырзаханмен сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтқызу.
Серуенге дайындық	Киіну кезінде асықпай дұрыс киінуге үйрету.	Серуенге шығарда топ ойыншықтарын орындарына жинастырып кетулерін ескерту.	Сырт киімдерін өз беттерінше киюге біртіндеп үйрету.	Ойыншықтарды орындарына жинауға үйрету.	Қолғаптарын киюді ұмытпауды ескерту.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Қарды ұстап көру.	Балалармен жеке әңгімелесу. Қардың түсін айту.	Серуенде қармен ойнау.	Бақылау: «Ауладағы өзгешеліктерді қарау»	Табиғатты бақылау.
Балалардың үйге қайтуы	Үйде әдептілік туралы көбірек айту керектігі туралы кеңес беру.	Бала жасына сай үйде түрлі ойындарды ойнауға кеңес беру.	«Біз не үйрендік?» тақырыбында кеңес беру.	Баланы ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу бойынша кеңес беру.	Балабақшада жаттаған өлеңдер мен тақпақтарды қайталату.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Ақбота» жеке бөбекжайы. **Топ:** Балапаным кіші тобы **Балалардың жасы:** 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 26.02.24ж – 01.03.24ж

Педагогтің аты-жөні: Хауысова С.Б.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау.	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру.	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаға қыс туралы қарапайым тақпақтарды жаттатуды айту.	Әңгімелесу: Балаларды топта жеңіл киіндіруді айту.	Үйден түрлі дене жаттығуларын жасатуды айту.	Балалардың ауа райына байланысты жылы киіну жағдайларын талқылау.	Үйге берілген өлеңдерін қайталап жаттауларын ескерту.
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Музыка* Дауыс жаттығуы «Баспалдақ»	Дене шынықтыру* Қимылды ойын: «Аюдың апанында»	Музыка * Дауыс жаттығуы «Баспалдақ» қайталау.	Музыка * Әуенді қимыл – қозғалыс. «Қоңыраулармен қозғалыс»	Дене шынықтыру* Қимыл-қозғалыс ойыны: «Арқан тартыс» Музыка * Әуенді қимыл – қозғалыс. «Қоңыраулармен қозғалыс» қайталау.
Таңертенгі жаттығу	1 кешен	1 кешен	1 кешен	1кешен	1 кешен
Таңғы ас	Өз орнын тауып отыру.	Нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау.	Ауызды толтырып сөйлемей.	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.	Аспазшыға рахмет айту.
Ұйымдастырыл	«Қыс» туралы тақпақ	«Жұбын тап»	«Бұл не?»	«Қыс келді»	Суретке қарап ата.

ған іс-әрекетке дайындық	жаттау.	Заттардың жұбын табу.	Ұқсас заттардың суретін табу.	тақырыбында әңгімелесу.	«Не байқадың?»
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру 1.Жалпы дамыту жаттығулары. Жүру, жүгіру түрлері, шеңберге тұрып жүру. 2.Негізгі қимыл жаттығулары -Спорттық ойындар. -Шанмен сырғанау. 3.Қорытынды Демалу жаттығулары Қимылды ойын: «Тез жүгір» (Қоршаған ортамен таныстыру,көркем әдебиет,құрастыру, сөйлеуді дамыту,сурет салу,мүсіндеу.) Д/о «Кімнің төлі» Түйенің төлі не? Ешкі төлі? Сиыр төлі? Қой төлі? Дұрыс айтасындар балалар жануарлардың төлін дұрыс таптындар.	Музыка (Пән жетекшісінің жоспарымен) Кіріктірілген ҰІӨ (Қоршаған ортамен таныстыру,көркем әдебиет,құрастыру, сөйлеуді дамыту,сурет салу,мүсіндеу.) Есік қағылып ішке қасқыр келеді. Қасқыр туралы түсіндіру және қасқырдың баласы бөлтірік туралы айту суреттер көрсету.Қасқыр туралы тапмақты жаттау. Балалар қасқыр бізге не үшін келгенін сұрайық. Балалар менің бөлтірігімнің қарны ашып қалды ал мен тамақ тауып бере алмай отырмын маған көмектесе аласың ба?Менің балам балықты жақсы көреді. Балалар қараңдаршы	Дене шынықтыру Саппен жүру,жаймен жүгіру 1.Жалпы дамыту жаттығулары. Жүру, жүгіру түрлері, шеңберге тұрып жүру. 2.Негізгі қимыл жаттығулары -кедергілер арасымен жылдам жүруді үйрету. 3.Қорытынды Қимылды ойын: «Пішіндеріне қарай жина» Кіріктірілген ҰІӨ (Қоршаған ортамен таныстыру,көркем әдебиет,сенсорика, сурет салу,мүсіндеу, жапсыру) «Жаңбыр» Көктем мезгілінде маусымдық өзгерістерге орай жаңбырдың көп жауатындығы туралы айту.	Дене шынықтыру « Кедергілер аарасымен жүріп допты жина» 1.Жалпы дамыту жаттығулары. Жүру, жүгіру түрлері, шеңберге тұрып жүру. 2.Негізгі қимыл жаттығулары - кедергілер арасынан жүріп допты мәреге дұрыс жүруді үйрету. 3.Қорытынды Қимылды ойын: «Қар жинау» Кіріктірілген ҰІӨ (Көркем әдебиет, сурет салу,жапсыру,құрастыру,мүсіндеу). «Кішкентай тас пен құмырсқа »ертегісін балаларға мазмұндап айтып беру.Сурет бойынша әңгіме	Кіріктірілген ҰІӨ (Қоршаған ортамен танысу,көркем әдебиет,сенсорика, сурет салу,жапсыру) Көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстар, өсімдіктер мен жануарлардың маусымдық өзгерістер, адамдардың іс әрекеттері,қардың еру,жаңбырдың көптеп жауатыны туралы түсіндіру. Көктем мезгілі туралы тапмақ жаттау. Майлықтардың көмегімен су ағындарының суретін салу. Көктем ағаштарын еремексазбен мүсіндеу. Ойын: «Артыңын тап»

	Сурет бойынша жұмыс жүргізу. Қошақан туралы кім не біледі? Қошақан туралы тақпақ жаттау. Суретке көңіл аударту. Түйенің баласы адасып кеткен екен біз ботасын тауып береміз бе? Ендеше ботаның суретін әдемілеп саламыз, өркешін тастың бөліктерінен құрастырып көзін ермексздн мүсіндейміз. Жарайсындар біздің боталарымыз өте әдемі болды. Балалардың жұмысынан көрмен жасау.	мұнда балықтың бөліктері бар екен қағаз қиындыларынан Балықты құрастырып береміз бе? Иа. Енді балықты құрстырайық. Мен енді сендерге «Қасқыр» өлеңін оқып берейін бірге жаттаймыз. Өлеңді тыңдайды. Балалар енді жұмсақ мақтаның көмегімен балықтың қанатын бояп шығайық. Суретті бояу. Балықтың көзін ермексзбен мүсіндеу. Ойын: «Аңдарды тап» Жасырынған аңдарды іздеп табайық жарайсындар балалар. Мадақтау.	Жаңбырдың қалай жауатындығымен таныстыру, жаңбыр туралы түсіндіру. Сурет бойынша әңгіме жүргізу. «Жау, жаңбыр» Ж. Смақовтың өлеңін жаттау. Жаңбырды бірнеше әдістер арқылы жасау. Бірінші топ жаңбырдың суретін қағаз бетіне дәстүрден тыс әдіс арқылы сұқ саусақпен бастырып салу, екінші топ қағаз қиындыларынан жапсыру, үшінші топ қалпақшалардан жаңбырды құрастыру, төртінші топ ермексзды жазу әдісімен жаңбырдың бейнесін дұрыс орналастырып мүсіндеу.	жүргізу. Ертегі бойынша сұрақтар қою. Патша кімнің үйіне қонаққа барады? Құмырсқа қандай екен? Құмырсқаның суретін салып көзін ермексзден мүсіндейік, аяғын қағаз қиындыларынан құрастырып жапсырмыз. Ойын: «Кім ақылды» Балалардың жұмысын мадақтау.	Балаларды мадақтау.
2- таңғы ас	«Тамақтан кейін ауыз шайқау»	«Сөйлемей тамақтану»	Су мен сабын біздің көмекшіміз»	«Қолды құрғақ етіп сүртеміз»	«Тазалықты сүйеміз»
Серуенге дайындық	Қуыршақ Майраның	«Досыңа көмектес»	Киімдерді шкафқа	«Көктемгі ойындар»	«Мен ұқыпты

	ойыны» далада қандай ойындар ойнады?	шашылған заттарды жинауға жаттықтыру.	немесе орындыққа ұқыпты жинау білігін үйрету.	ойындар туралы әңгімелесу.	баламын» дұрыс ұқыпты киінуге жаттықтыру.
Серуен	№ 6	№ 4	№ 3	№ 3	№ 11
Серуеннен оралу	Қонжықпен бірге шешінеміз» шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешуге үйрету.	Жуыну кезіндегі тақпақтар: Жылы су, жылы су, Біздің қолымызды жу. Ақ сабын көпіріп, Біздің бетімізді жу.	Жуыну кезіндегі тақпақтар: Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен: Таңертеңде, кеште де, Жуын күндіз – түсте де.	Жуыну кезіндегі тақпақтар: Жуын ұйықтар кезінде Жуын тұрған мезгілде.	«Біз ұқыпты баламыз» Киімдерін бүктеуге үйретуді бастау.
Түскі ас	«Тамақ ішкенде сөйлемейміз» жаттығуы. Міндеттері: Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау.	«Жылы су, жылы су» тақпақ қайталау. Міндеттері: Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталауға үйрету.	«Құрғақ, жұмсақ орамал» ойын жаттығуы Міндеттері: қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.	«Қасықты дұрыс ұстаймыз» жаттығуы Міндеттері: Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру.	«Қолымызды дұрыстап жуамыз» жаттығуы. Міндеттері:Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін үйрету.
Күндізгі ұйқы	«Бесік жыры»	«Жанға жайлы әуен»	«Тәтті ұйқыға кетеміз»	«Әже әлдейі»	«Ана жыры»
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Кірпі	Балық	Велосипед	Балық	Велосипед
Бесін ас	«Сөйлемей тамақтану»	«Тамақтан кейін ауыз шайқау»	«Қолды құрғақ етіп сүртеміз»	«Су мен сабын біздің көмекшіміз»	«Тазалықты сүйеміз»

Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	(Сенсорика, жапсыру) «Көп,біреу» Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастырады Заттарды түстеріне қарай ажыратып санау. Заттарды қағаз бетіне конструктивті тәсілмен құрастырып жапсыру.	(Сенсорика,жапсыру) «Лақ пен қозы сана» Лақ пен қозы сандарын ажырату, балалармен бірге санау және фланелеграфта орналастыру.	Құрастыру материалдарымен ойын «Ұя» Құстар ұясын қағаз бетіне қиып жапсыру. (Құрастыру,жапсыру)	Ойыншықтарды көлеміне қарай жинау. (сенсорика)	«Өзіңе ұнаған мүсіндер» Ермексаздың көмегімен балалар өзіне ұнаған заттарды мүсіндейді. (мүсіндеу) Жасаған жұмыстан кейін шашылған заттарды өздеріне мұқият жинату.
Балалармен жеке жұмыс	Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеу. Ақмаржанға жұмыстану.	Артикуляциялық жаттығуларды орындау. Ясминұрмен орындату.	Кітаптағы суреттерді қарау, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Дарын мен Әсемге көрсету.	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау және ойыншықтарды қолданып ойнау. Серхан мен Мединаға ойнату.	Табиғи материалдардың қасиеттері туралы түсіндіру. Рамазанға айту.
Серуенге дайындық	Балалардың реттелігін бақылау.	Киінгенде түймелерін қадау.	Аяқ киімдерінің бауын байлауды бақылау.	Киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау.	Бас киімдерінің дұрыс киілуін қарау.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу..	Балалармен жеке әңгімелесу. Қардың еруін тамашалау.	Балалармен жеке әңгімелесу. Қардың еруін тамашалау.	Бақылау: «Ауладағы өзгешеліктерді қарау»	Көктемгі табиғатты бақылау.
Балалардың үйге қайтуы	Үйде адамгершілік туралы көбірек айту керектігі туралы кеңес беру.	Бала жасына сай үйде түрлі ойындарды ойнауға кеңес беру.	Бала жасына сай үйде түрлі ойындарды ойнауға кеңес беру.	«Біз ұлттық ойындарды білеміз» тақырыбында кеңес беру.	Балабақшада жаттаған өлеңдер мен тақпақтарды қайталату.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Ақбота» жеке бөбекжайы. Топ: Балапаным кіші тобы Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.03.24ж – 07.03.24ж Педагогтің аты-жөні: Хауысова С.Б.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді музыкамен қарсы алу.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру.	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаға наурыз мерекесі туралы қарапайым тақпақтарды жаттату.	Әңгімелесу: Балаларды топта жеңіл киіндіруді айту.	Балалардың ауа - райына байланысты киіну жағдайларын талқылау.	Үйге берілген өлеңдерін қайталап жаттауларын ескерту.
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қимыл- қозғалыс ойындары: «Арқан тартыс» Ойын барысында шапшаңдық дағдылары дамиды. Музыка* «Әже» әнін қайталап айту.	Дене шынықтыру* Қимылды ойын: «Өз үйінді тап»	Ойыншықтармен ойындарды ұйымдастыру. <i>Үстел - үсті ойыны: «Оюдың сыңарын тап»</i> Музыка* <i>«Көктемде» әнін қайталап айту.</i>	Дене шынықтыру* <i>Ұлттық ойын: «Сақина салу»</i> Музыка* Бесік жырын айтуды үйрету.
Таңертенгі жаттығу	2 кешен	2 кешен	2 кешен	2 кешен
Таңғы ас	Өз орнын тауып отыру.	Нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау.	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.	Аспазшыға рахмет айту.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Наурыз мерекесіне байланысты слайд қарау.	Балалармен адамгершілік тәрбиесі туралы әңгімелесу.	Ойын: «Құпия заттар»	Ұлттық әшкейлер туралы әңгімелесу.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырыл	Дене шынықтыру Саппен жүру жаймен жүгіру. 1.Жалпы дамыту жаттығулары.	Музыка (Пән жетекшісінің жоспарымен) Кіріктірілген ҰІӨ	Дене шынықтыру Сапта жүру және жүгіру түрлері. 1.Жалпы дамыту	Кіріктірілген ҰІӨ (Сөйлеуді дамыту, сенсорика, құрастыру, жапсыру, көркем

ған іс-әрекет	2.Негізгі бөлім Негізгі қимыл жаттығулары - Екі қолмен 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) допты лақтыру. 3.Қорытынды бөлім. Демалу жаттығулары Ұлттық ойын: «Қыз қуу» Кіріктірілген ҰІӨ (Қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, сенсорика, көркем әдебиет) Тақырыбы: «Оюлар» Бәріміз орнымыздан тұрып, ұлттық бұрышына барайық. Бұл жерден не көріп тұрмыз? Киіз үй, оюлар, ұлттық ыдыстар, т.б Киіз үйдің ішінде ыдыстар бар екен. Қолымызға ұнаған ұлттық ыдыстардың суретін алып, әдемілеп бояйық. Енді бөлікке бөлінген оюлардың суреттеріне қарайық. Сыңарларын тауып, түстерімен сәйкестендірейік. Не шықты. -Оюлардың толық суреті шықты. Дұрыс айтасындар.	(Қоршаған ортамен таныстыру, мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, сенсорика, жапсыру) Тақырыбы: «Бесіктегі қуыршақ» Балалар телефон шырылдадыма тыңдайықшы? Телефонның дауысы естіледі. Қазір сендер экранға назар аударындар. Сол жерде сендерге салт – дәстүр көрсетемін деген дауыс естіледі. Балалар назарын экранға аударады. –Бесікке салу рәсімі көрсетіледі. Бесік жыры тыңдалады. -Балалар бесікке кім жатады, бөпеге кім өлең айтты? -Дұрыс айтасындар. Бесікке қуыршақты жатқызып көрсету. Енді осы қуыршаққа қолына ермексаздан әдемі етіп білезік жасап берейік. Енді қуыршақ бейнесіне әдемілеп көйлекті	жаттығулары. 2.Негізгі бөлім. Негізгі қимыл жаттығуларын жасау. - әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) допты лақтыру. 3.Қорытынды бөлім. Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Кіріктірілген ҰІӨ (Сөйлеуді дамыту, құрастыру, сурет салу, мүсіндеу көркем әдебиет) Тақырыбы: «Ұлттық ыдыстар» Суреттерді жасырып жартысын көрсету. Балалар ойланып тауып бүтін бөлігін айту керек. Ұлттық ыдыс – аяқтарды суретке қарап әңгімелеу. Бөліктерге бөлінген ыдыстарды құрастыру. Телефон шырылдап әже көмек сұрайды. Өзінің ыдыс – аяқтарының суретін әдемілеп бояп беруді	әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Тақырыбы: «Әдепті бала» «Адамгершілік» тақырыбында сурет бойынша әңгімелеу. Адамгершіліктің белгілері туралы айту. (Үлкенге көмектесу, орын беру, амандасу) Саусақ қимылдарын дамыту арқылы «Бөлігін тап» ойынын ойнау. Әрі қарай ойлауын дамыту үшін «Кімнің дауысы?» ойыныны ойнаймыз. Балалар біз әдепті, адамгершілігі мол бала болу үшін қандай болу керекпіз? Суретке қарап қызыл және көк түстерге мына суреттерді орналастырайық. Егер сурет адамгершілікке жатса қызыл түске, әдепсіздік болса көк түске орналастырамыз. «Әдепті бала» деген әңгімені айтып берейін.
--	--	---	---	---

	Наурыз мерекесіжақындап қалды, соған тақпақ айтып берейік. Наурыз келді алақай Кел билейік балақай Бізде қарап тұрмайық Қол соқайық қолдайық. Ойын: «Сиқырлы қоржын» Жасырынған затты алып атын айту. Кіріктірілген іс – әрекетті қорытындылау. Мадақтау.	жапсырып көрейік. Жарайсындар керемет орындадыңдар. Осы қуыршақтарымызды фланелеграфта орналастырайық. Өте жақсы орналастырдыңдар. Кіріктірілген іс-әрекетімізді ойынмен қорытындылайық. Ойын: «Қуыршақты киіндір» Жарайсындар. Мадақтау.	өтінеді. Әдемі ыдыс – аяқтарға ермексаздан ою – өрнек салынған екен, сол оюларды ермексазбен жағу арқылы әсемдеп берейік. Жарайсындар. Енді әжеге арнап өлең айтып берейік. Ән: «Әжемнің шәйі» Жарайсындар балалар Ойын: «Текеметті әсемде» Қорытындылау. Мадақтау.	Айтып беру және видеодан көрсету. Ұлттық ойын: «Сақина жоғалды» ойынын ойнату. Балалардың ұжымдасып ойнау дағдылары қалыптасады. Суретке қарап жауап беруге үйрету. Ойын: «Дұрыс, дұрыс емес» Қорытындылау. Мадақтау.
2- таңғы ас	«Тамақтан кейін ауыз шайқау»	«Сөйлемей тамақтану»	«Қолды құрғақ етіп сүртеміз»	«Тазалықты сүйеміз»
Серуенге дайындық	Киімдерін асықпай дұрыс киюлерін, түймелерін, бауларын дұрыс тағуын қадағалау.	Киімдерінің теріс жағын кимеуге үйрету.	Серуенге шыққан кездегі таза ауадағы өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстырыру.	Саппен шығу, саппен кіруді үйрету.
Серуен	№9	№2	№14	№17
Серуеннен оралу	Аяқ киімдерін орындарына қоюға үйрету.	Сөрелерін таза ұқыпты ұстауға мадақтау арқылы баулу.	Серуенне кейін тәрбиешінің көмегімен қолды сабындап жууға дағдыландыру.	Сырт киімдерін шкафтарына дұрыстап іліп қоюға үйрету.
Түскі ас	«Қасықты дұрыс ұстаймыз» жаттығуы Міндеттері: Үстел басында қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру.	«Қолымызды дұрыстап жуамыз» жаттығуы. Міндеттері:Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау.	«Тамақ ішкенде сөйлемейміз» жаттығуы. Міндеттері: Үстел басында нанды үгітпеу, ауызда тамақты жауып шайнау.	«Жылы су, жылы су» тақпақ қайталау. Міндеттері: Жуыну туралы қысқа тақпақтарды үйрету.
Күндізгі ұйқы	«Бесік жыры»	«Жанға жайлы әуен»	«Әже әлдейі»	«Ана жыры»

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Арқамызға массаж жасаймыз.	Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін тікенек жолдармен жүру	Кедір – бұдыр жолмен жүру.	Төсектегі ұйқы ашар жаттығуы «Велосипед» тебу.
Бесін ас	«Сөйлемей тамақтану»	«Тамақтан кейін ауыз шайқау»	«Су мен сабын біздің көмекшіміз»	«Тазалықты сүйеміз»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	(Құрастыру, жапсыру, мүсіндеу, сөйлеуді дамыту) Оюлардың сыңарын табу, көлеңкесіне сәйкестендіріп жапсыру, жетіспей тұрған жерін толықтыру. Не құрастырдыңдар, жапсырдыңдар, олар не үшін керек сұрақтарын қойып байланыстырып сөйлеуді дамытуға жұмыстану.	(Көркем әдебиет, құрастыру, сурет салу, қоршаған ортамен таныстыру) Кітап бұрышынғы кітаптардан «Адамгершілікке» байланысты кітаптарды қарап әңгімелесу. Құрастыру арқылы ұлттық ыдыстардың жетіспеген бөліктерін құрастыруға, суретін бояуға үйрету. Ойын: «Дұрыс, дұрыс емес»	(Қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика, жапсыру) Мазмұнды рөлді ойын «Шаштараз» Сол мамандық туралы айтып, сөйлеуге үйрету. Шаштарын қиып, сәндеу, жинау сияқты жұмыстарды жасату, суретке қарап қиылған пішіндерден шаштараз құралдарының бейнесін табу және фланелеграфта жапсыруды үйрету.	(Сурет салу, мүсіндеу) Салт – дәстүр: «Бесікке салу» Сурет салу мен мүсіндеу арқылы бесіктің суретін бояуға, қуыршақтың көйлегін ермексазды жағу арқылы мүсіндеуге үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	Ақмаржан мен Әсеммен ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсіндіру.	Маржан мен Аминаға қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын меңгерту.	Нурасыл мен Шұғылаға қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытуға баулу.	Айзере мен Исламбекпен белгілі бір ретпен киіну және шешінуді үйрету.
Серуенге дайындық	Ойыншықтарды орындарына жинауға үйрету.	Серуенге шығарда топ ойыншықты жинастырып кетулерін ескерту.	Кіну кезінде асықпай дұрыс киінуге үйрету.	Қолғаптарын киюді ұмытпауды ескерту.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Еріген қардың суға айналуын қарау.	Балалармен жеке әңгімелесу. Қардың еруін тамашалау.	Бақылау: «Ауладағы өзгешеліктерді қарау»	Көктемгі табиғатты бақылау.

Балалардың үйге қайтуы	Үйде адамгершілік туралы көбірек айту керектігі туралы кеңес беру.	Бала жасына сай үйде түрлі ойындарды ойнауға кеңес беру.	«Біз ұлттық ойындарды білеміз» тақырыбында кеңес беру.	Балабақшада жаттаған өлеңдер мен тақпақтарды қайталату.
-------------------------------	--	--	--	---

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Ақбота» жеке бөбекжайы. **Топ:** Балапаным кіші тобы **Балалардың жасы:** 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.03.24ж – 15.03.24ж **Педагогтің аты-жөні:** Хауысова С.Б.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру.	Баладан қандай көңіл -күймен келгенін сұрау.	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу, оларға қолайлы жағдай жасау.	Балаларды көтеріңкі көңілді музыкамен қарсы алу.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаға көктем туралы қарапайым тақпақтарды жаттатуды айту.	Кеңес: «Балаларға жануарлар мен құстардың пайдасы туралы түсіндіру»	Әңгімелесу: Балаларды топта жеңіл киіндіруді айту.	Балалардың ауа -райына байланысты жеңіл киіну жағдайларын талқылау.	Кеңес: «Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимін бірдей етіп ұйымдастыру»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Музыка* «Наурыз келді» өлеңін жаттау.	Дене шынықтыру* Қимылды ойын: «Кім бірінші жинайды»	Музыка* «Наурыз» өлеңін жаттау.	Саусақ ойыны: «Отабасында біз нешеуміз» Балалардың санау, ойлау дағдылары қалыптасады. Музыка* Ойын: «Көңілді сайқымазақтар»	Дене шынықтыру* Қимылды ойын «Өз орныңды тап» Музыка* Ойын: «Дауысын ажырат»
Таңертенгі жаттығу	1 кешен	1 кешен	1 кешен	1 кешен	1 кешен
Таңғы ас	Ауызды толтырып сөйлемей.	Орындықты сүйремей, көтеріп алып келіп отыру.	Ауызды толтырып сөйлемей.	Аспазшыға рахмет айту.	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.
Ұйымдастырылғ	«Әуе шары	Жануарлар	Ойын: «Ол не?»	Ойын: «Не артық» Заттарды	Кітапқа қарап

ан іс-әрекетке дайындық	қандай?» шарлардың түстерін ажырату.	бейнесіне қарап қимылдарын жасау.	Заттардың үлкен-кішілігін салыстыру.	салысты	«Дұрыс», «Дұрыс емес» сұрақтарына жауап беру.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Сапта жүру және жүгіру түрлері. 1. Жалпы дамыту жаттығулары. 2. Негізгі бөлім. Негізгі қимыл жаттығулары -Допты кедергілер арасымен домалату. 3. Қорытынды бөлім. Демалу жаттығулары. Қимылды ойын: «Айналып келіп ұстап ал» Кіріктірілген ҰІӨ (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика, мүсіндеу, жапсыру) Тақырыбы: «Көктемгі ағаштар» -Қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем.	Музыка (Пән жетекшісінің жоспарымен) Кіріктірілген ҰІӨ (Сөйлеуді дамыту, сенсорика, мүсіндеу, құрастыру жапсыру) Тақырыбы: «Бесік жыры» Шаттық шеңбер Қуан, шаттан, балақай! Жарқырайды аспанда күн, алақай! Атқан таңға, шыққан күнге сәлем беріп, Тілейік бақыт баршамызға осындай. Балалар бүгінгі ауа райы қандай? Жылдың қай мезгілі? Біздің ұлтымыз қандай? Дұрыс айтасыздар балалар біздің ұлтымыз қазақ, біздің өз салт-дәстүріміз, әдет-	Дене шынықтыру Сапта жүру және жүгіру түрлері. 1. Жалпы дамыту жаттығулары. 2. Негізгі бөлім. Негізгі қимыл жаттығулары - Допты қос қолмен шеңберге лақтыру. 3. Қорытынды бөлім. Демалу жаттығулары. Қимылды ойын: «Қуып жетіп ал» Кіріктірілген ҰІӨ (Көркем әдебиет, сенсорика, құрстыру, мүсіндеу, жапсыру) Тақырыбы: «Бесік» –Музыка әуенімен ішке Маша кіреді. Қуыршағын бесікке салғысы келетінін және бесік жырын айтып бергісі келетіні туралы	Дене шынықтыру Сапта жүру және жүгіру түрлері. 1. Жалпы дамыту жаттығулары. 2. Негізгі бөлім. Негізгі қимыл жаттығуларын жасау. - Допты қос қолмен шеңберге лақтыру. 3. Қорытынды бөлім. Қимылды ойын: «» Кіріктірілген ҰІӨ (Көркем әдебиет, сенсорика, құрастыру, сурет салу, мүсіндеу) Тақырыбы: «Ертегілер еліне саяхат» - Балалар, сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме? - Ия, жақсы көреміз. - Бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегілер еліне саяхатқа барамыз. Ал ертегілер еліне ғажайып, ұшатын кілемшеге мініп барамыз. Музыка әуені ойналады. (Кілемшеге мініп, саяхатқа аттанамыз.) - Міне, біз ертегілер еліне де	Кіріктірілген ҰІӨ (Сурет салу, құрастыру, жапсыру, мүсіндеу) Тақырыбы: «Құмдағы бейнелер» –Музыка әуенімен ішке Қонжық кіреді. Балалармен амандасып, өзімен бірге құм алып келіп құммен ойнағысы келетінін айтады. –Қонжықтың қолында не бар? –Құм бар. –Құмдармен не істейміз? –Ойнаймыз. –Сендерге ойнаған ұнайма? –Ия ұнайды. –Балалар құмның түстері қандай? –Қоңыр. –Құмды шашуға, ауызға салуға, жеуге болмайды. Балалар жарайсыңдар.

	-Қазір жыл мезгіліне байланысты шағын тақпақтар жаттаймыз. Жасыл көктем келеді Самал беттен өбеді. Көкте бұлттар көбейсе Мөлдір тамшы төгеді. Балалар тыңдап, қайталап жаттап алады. Жарайсындар балалар.Көктем мезгілінде дала қандай болады ? Көктем мезгілінде ағаштардың, гүлдердің түсі қандай. Ағаштардың көлемі қандай үлкен бе,кіші ме? - Балалар көктем мезгілінде ағаштар бүршік жарады. Балалар ағаштарды мүсіндейік. Балалар ендеше ағаштардың	ғұрпымыз бар. Біз бүгінгі «Бесік жырын» өтеміз. Бесікті кім біледі, бесікке жатып көргендерің барма? Дұрыс айтасындар балалар аналарымыз бізді кішкене кезімізден бесікке бөлеп ұйықтатар алдында «Бесік жырын» айтқан екен. Ән тыңдау: « Әлди, әлди, бөпем-ай» (Б. Аманжол, Г.Аманжол) Балалар қараңдаршы бесіктің жабдықтары түгел емес екен,мында бесіктің көрпешесі мен жастығы жоқ екен.Ендеше салынған жастықтың суретін өздеріңе ұнаған түстермен бояймыз,жастықтың өрнектерін ермексазбен мүсіндейік және көрпешесін қиылған	айтып көмек сұрайды. Бейнероликтен бесік жырын тыңдау,бесік жыры туралы балаларға түсіндіру. Әлди-әлди, ақбөпем, Ақбесікке жат, бөпем өлеңді жаттау. Балалар мында бірнеше бесіктің суреттері бар екен ендеше осы бесікті түстеріне қарай жинайық және бөліктерін құрастырайық. -Балалар бесіктің түстері қандай? -Көк. -Балалар бос бесікті тербетуге болмайды. Балалар ендеше Машамен бірге бесікті мүсіндеп жасайық. Қалай жасасақ болады деп ойлайсындар? -Ермексазбен. -Дұрыс айтасындар. Енді ермексазбен бесікті	келіп жеттік.Балаларға ертегілердің суреттерін көрсетеді. Балалар слайдтарда көрсетілген ертегілерді атайды. Музыка әуенімен Қызыл телпек келеді. Қызыл телпек: Сәлеметсіздер ме, балалар? Ертегілер еліне қос келдіңіздер. Мені таныдыңдар ма? Мен қай ертегіден келдім? Балалар; - Сәлеметсіз бе? «Қызыл телпек» ертегісінен. Қызыл телпек; - Ал сендер қайдан келдіңдер? Балалар: - Біз балабақшадан келдік. Қызыл телпек; - Мен де сендер сияқты ақылды, білімді болғым келеді. Менде пішіндер бар, бірақ мен олардың атауларын білмеймін. Маған геометриялық пішіндер атауын үйретіндерші. Қызыл телпек балаларға пішіндер көрсетеді. Дидактикалық ойын «Заттар қандай пішіндерден	Енді осы құмның бетіне әдемі өрнектерді салайық және қағаз қиындыларындағы өрнектерді құрастырып салған сутер бетіне қоямыз. Жарайсындар балалар енді құмның бетіне түрлі мүсіндер жасайық. Қалай жасасақ болады деп ойлайсындар? -Дайын ыдыстармен. -Дұрыс айтасындар. Енді құммен түрлі бейнелер жасап,қонжыққа сыйлайық. Ойын: «Сыңарын тап» деп аталады. -Бөліктерге бөлінген бейнелерді түстеріне сәйкес сыңарларын табамыз. Жарайсындар. -Өте жақсы. Ойын: «Құмды алақанға салып үрле» Жарайсындар. Мадақтау.
--	---	---	--	--	--

	тамырын ермексазбен мүсіндеп, жапырақтарын қиылған қағаз бөліктерінен құрастырамыз. Ойын: «Түрлі -түсті ағаштар» Мадақтау.	суреттерден құрастыру және өрнектерін жапсыру. Жарайсыңдар балалар бесіктің жабдықтары дайын болды ендеше қуыршақты төсегіне жатқызып, «Бесік жыры» айтылады. Ойын: «Көрпені дұрыс құра» Мадақтау.	жасап,Машаға сыйлайық. Әрі қарай мен сендерге ойын ойнатамын. Ойын: «Сыңарын тап» деп аталады. -Бөліктерге бөлінген бейнелерді түстеріне сәйкес сыңарларын табамыз. Жарайсыңдар. -Өте жақсы. Кіріктірілген іс-әрекетімізді тағы бір ойынмен қорытындылайық. Ойын: «Түсті дұрыс ата» Жарайсыңдар. Мадақтау.	кұралған». Қызыл телпек: Жарайыңдар, балалар. Менде тағы суреттер бар. Суреттегі тапсырманы орындауға көмектесіңдер. Суреттегі лақтардың суретін құрастыру және ешкінің суретін салып көзін ермексаздан мүсіндейміз. Дидактикалық ойын: «Дұрыс атап, көрсет». Қызыл телпек балалармен қоштасып кетеді.Балалар, бізге балабақшаға оралатын уақыт та келді. Сиқырлы кілемшеге отырып тобымызға барайық. Балалар кілемшеге отырып, музыка әуенімен топқа оралады. Жарайсыңдар, балалар. Сендер Қызыл телпек пен қасқырдың тапсырмаларын жақсы орындадыңдар. Қорытындылау.	
2- таңғы ас		«Сөйлемей тамақтану»	Су мен сабын біздің көмекшіміз»	«Қолды құрғақ етіп сүртеміз»	«Тазалықты сүйеміз»
Серуенге дайындық	Киімдерін дұрыстап шешуге және сырт киімдерін үлкендердің	Киімдерінің теріс жағын кимеуге үйрету.	Киімдерін дұрыстап шешуге және сырт киімдерін үлкендердің көмегімен киюге	Серуенге шыққан кездегі таза ауадағы өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстырыру.	Саппен шығу, саппен кіруді үйрету.

	көмегімен киюге үйрету.		үйрету.		
Серуен	№10	№1	№10	№5	№7
Серуеннен оралу	Сырт киімдерін шкафтарына дұрыстап іліп қоюға үйрету.	Сөрелерін таза ұқыпты ұстауға мадақтау арқылы баулу.	Аяқ киімдерін орындарына қоюға үйрету.	Серуенне кейін тәрбиешінің көмегімен қолды сабындап жууға дағдыландыру.	Сырт киімдерін шкафтарына дұрыстап іліп қоюға үйрету.
Түскі ас	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар.	Жуыну кезіндегі тақпақтар: Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен: Таңертеңде, кеште де, Жуын күндіз – түсте де.	«Құрғақ, жұмсақ орамал» ойын жаттығуы Міндеттері: қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.	«Қасықты дұрыс ұстаймыз» жаттығуы Міндеттері: Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру.	«Қолымызды дұрыстап жуамыз» жаттығуы. Міндеттері: Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламауды үйрету.
Күндізгі ұйқы	«Бесік жыры»	«Жанға жайлы әуен»	«Тәтті ұйқыға кетеміз»	«Әже әлдейі»	«Ана жыры»
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Арқамызға массаж жасаймыз.	Кедір – бұдыр жолмен жүру.	Арқамызға массаж жасаймыз.	Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін тікенек жолдармен жүру.	Төсектегі ұйқы ашар жаттығуы «Айқасқан аяқтар мен қолдар»
Бесін ас	«Қолды құрғақ етіп сүртеміз»	«Тамақтан кейін ауыз шайқау»	«Қолды құрғақ етіп сүртеміз»	«Су мен сабын біздің көмекшіміз»	«Тазалықты сүйеміз»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	(Көркем әдебиет,сурет салу, құрастыру,) «Тышқан мен мысық» ертегісін оқып беру.Тышқанның суретін бояу және құйрығын қағаз	(Көркем әдебиет, құрастыру, сурет салу, қоршаған ортамен таныстыру) Табиғат бұрышынғы түрлі – түсті гүлдерді қарап әңгімелесу. Гүлдің	(қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу, сөйлеуді дамыту) Табиғат аясына шығып құмды бақылау.Құмның бетіне саусақпен түрлі бейнелер салу,	(Қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика, жапсыру,сөйлеуді дамыту) Табиғат құбылыстары туралы айту. Маусымдық өзгерістер туралы әңгімелеу. Бұлттың , бейнелеріне қарап қиылған пішіндерден бұлттың бейнесін жасау	(Сурет салу, мүсіндеу, қоршаған ортамен таныстыру) құстың суретін әдемілеп бояу және суретті ермексазбен жағу арқылы мүсіндеу. Құстың танысу

	бөліктерінен құрастыру.	бөліктерін құрастыру. Гүлдің жапырағын салу. Үлкендердің көмегімен гүлдерге бақылау жасау.	«Көктемгі бақ» туралы суретке қарап әңгімелеу.	және фланелеграфта жапсыру. «Табиғат» туралы тақпақ жаттау.	арқылы видеоролик қарау.
Балалармен жеке жұмыс	Дарынмен бірге көктем туралы тақпақтарды жаттау.	Артикуляциялық жаттығуларды орындау. Яминұрмен орындату.	Заттардың көлемін, түсін және пішінін Айзермен бірге салыстыру.	Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды Серханмен бірге бейнелеуге үйрету.	Табиғи материалдардың қасиеттері туралы Рамазаннан сұрау.
Серуенге дайындық	Сырт киімдерін өз беттерінше киюге біртіндеп үйрету	Серуенге шығарда топ ойыншықтарын орындарына жинастырып кетулерін ескерту.	Сырт киімдерін өз беттерінше киюге біртіндеп үйрету.	Ойыншықтарды орындарына жинауға үйрету.	Бас киімдері мен сырт киімдерін дұрыс ұмытпай киюді ескерту.
Серуен	Бақылау: «Ауладағы өзгешеліктерді қарау»	Балалармен жеке әңгімелесу. Құстардың ұшуын қарау.	Серуенде құммен ойнау.	Бақылау: «Ауладағы өзгешеліктерді қарау»	Табиғатты бақылау.
Балалардың үйге қайтуы	«Баланың үйдегі күн тәртібін ұйымдастыру»	Бала жасына сай үйде түрлі ойындарды ойнауға кеңес беру.	«Біз түстерді білеміз» тақырыбында кеңес беру.	Баланы ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу бойынша кеңес беру.	Балабақшада жаттаған өлеңдер мен тақпақтарды қайталатуды айту.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Ақбота» жеке бөбекжайы. **Топ:** Балапаным кіші тобы **Балалардың жасы:** 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 18.03.24ж , 19.03.24ж **Педагогтің аты-жөні:** Хауысова С.Б.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді музыкамен қарсы алу.	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаға наурыз мерекесі туралы қарапайым тақпақтарды жаттату.	Үйге берілген өлеңдерін қайталап жаттауларын ескерту.
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қимыл- қозғалыс ойындары: «Асық жинау» Ойын барысында шапшаңдық дағдылары дамиды. Музыка* Асықтармен түрлі дыбыстық әуендер шығару.	Дене шынықтыру* Қимылды ұлттық ойын: <i>«Оқтау тартыс»</i> Балалардың ойнау дағдылары қалыптасады. Музыка* Ән: «Қуыршақ»
Таңертенгі жаттығу	2 кешен	2 кешен
Таңғы ас	Өз орнын тауып отыру.	Аспазшыға рахмет айту.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Наурыз мерекесіне байланысты суреттер қарау.	«Бесікке салу» салтымен суреттер арқылы танысу.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Саппен жүру жаймен жүгіру, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру. 1.Жалпы дамыту жаттығулары. 2.Негізгі бөлім Негізгі қимыл жаттығулары - Доптарды бір-біріне домалату. 3.Қорытынды бөлім.	Кіріктірілген ҰІӘ (Сөйлеуді дамыту, сенсорика, көркем әдебиет құрастыру, жапсыру) Тақырыбы: «Бесік» «Бесік жыры» тақырыбында әңгімелеу. Бесікке салу дәстүрін слайдпен көрсету. Саусақ қимылдарын дамыту арқылы «Бөлігін тап» ойынын ойнау. Әрі қарай ойлауын дамыту үшін «Кімнің киімі?»

Демалу жаттығулары

Ұлттық ойын: «Жаяу тартыс»

Кіріктірілген ҮІӘ

(Қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, сенсорика, көркем әдебиет)

Тақырыбы: «Бауырсақ»

Бәріміз шаттық шеңберіне тұрып амандасып алайық. Менің қолымдағы не балалар? Не көріп тұрмыз? Киіз үй, оюлар, ұлттық ыдыстар, т.б. Ұлттық тағамдар туралы әңгімелесу. Ұлттық тағамның бірі бауырсақ, оның жасалу жолын түсіндіру. Екі топқа бөлініп бірінші топ бауырсақтың суретін әдемілеп бояйық, екінші топ бауырсақты ермексازдан домалақтап мүсіндейік. Сурет бойынша салыстыру. Балалар бауырсақтарға қарайықшы.

Бірінші ыдыста бауырсақтар саны қанша?

-Көп бауырсақ.

-Екінші ыдыста қанша?

-Біреу бауырсақ.

-Бауырсақтар үлкен бе, кішкентай ма?

-Кішкентай.

-Жарайсыңдар.

-Наурыз мерекесі жақындап қалды, соған әжелерің ұлттық тағамдар дайындайды. Бауырсақ, көже, бешбармақ, т.б. Сендер әжелеріңді жақсы көресіңдер ме? Ендеше әже туралы тақпақ айтып берейік.

Әжетайым, әжетай

Сізді жақсы көреміз.

Сізге өлең – тақпақты

Жатқа айтып береміз.

Ойын: «Жасырынған не екенін тап»

ойынын ойнаймыз.

-Балалар бесікке кім жатады?

-Бесіктегі бөпеге кім өлең айтады?

-Бәріміз бірге бесік жырын айтып көрейік

Әлди – әлди ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем.

Жылама бөпем жылама

Жілік шағып берейін,

Байқұтанның құйрығын,

Жіпке тағып берейін.

-Жарайсыңдар.

Енді бөліктерге бөлінген бесікке салуға қажетті құралдарды тауып құрастырайық және бесікке қажетті құралдарды фланелеграфта орналыстырамыз. Ойын арқылы кіріктірілген іс-әрекетімізді қорытындылаймыз.

Ойын: «Қыршақты киіндір»

Қорытындылап, жақсы қатысқан балаларды мадақтау.

	Жарық түсіру арқылы жасырынған затты тауып айту. Кіріктірілген іс – әрекетті қорытындылау. Мадақтау.	
2- таңғы ас	«Тамақтан кейін ауыз шайқау»	«Тазалықты сүйеміз»
Серуенге дайындық	Киімдерін асықпай дұрыс киюлерін, түймелерін, бауларын дұрыс тағуын қадағалау.	Саппен шығу, саппен кіруді үйрету.
Серуен	№8	№3
Серуеннен оралу	Аяқ киімдерін орындарына қоюға үйрету.	Сырт киімдерін шкафтарына дұрыстап іліп қоюға үйрету.
Түскі ас	«Қасықты дұрыс ұстаймыз» жаттығуы	«Жылы су, жылы су» тақпақ қайталау. .
Күндізгі ұйқы	«Бесік жыры»	«Ана жыры»
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Табанға арналған массажбен жүру.	Төсектегі ұйқы ашар жаттығуы «Велосипед» тебу.
Бесін ас	«Сөйлемей тамақтану»	«Тазалықты сүйеміз»
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	(Құрастыру, жапсыру, сөйлеуді дамыту) Қағаздан қиылған бауырсақтарды құрастыру, жасалған бейнеге сәйкес суреттерді тауып қағаз бетіне орналастырып жапсыру. Не құрастырдыңдар, не жапсырдыңдар, олар не үшін керек сұрақтарын қойып байланыстырып сөйлеуді дамытуға жұмыстану.	(Қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу) Балаларға бесік туралы әңгімелесу. Сұрақ – жауап арқылы ойындар ойнау. Бесіктің суретін бояуға, қуыршақтың көйлегін ермексазды жағу арқылы мүсіндеуге үйрету. Жасалған жұмыстар арқылы бесік жырын айтуды үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	Айғаным мен Медина белгілі бір ретпен киініп және шешінуді үйрету.	Рамазан мен Дарынмен құрдастарымен бірге тату ойнауды үйрету.
Серуенге дайындық	Ойыншықтарды орындарына жинауға үйрету.	Аяқ киімдерін дұрыс киюлерін ескерту.
Серуен	Еріген қардың суға айналуын қарау.	Көктемгі табиғатты бақылау.
Балалардың үйге қайтуы.	Үйде ұлттық тағамдардың суреттерін қарауға кеңес беру.	Балабақшада жаттаған өлеңдер мен тақпақтарды қайталату.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Ақбота» жеке бөбекжайы. **Топ:** Балапаным кіші тобы **Балалардың жасы:** 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.03.24ж – 29.03.24ж **Педагогтің аты-жөні:** Хауысова С.Б.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру.	Баладан қандай көңіл -күймен келгенін сұрау.	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу, оларға қолайлы жағдай жасау.	Балаларды көтеріңкі көңілді музыкамен қарсы алу.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаға көктем туралы қарапайым тақпақтарды жаттатуды айту.	Кеңес: «Балаларға жануарлар мен құстардың пайдасы туралы түсіндіру»	Әңгімелесу: Балаларды топта жеңіл киіндіруді айту.	Балалардың ауа -райына байланысты жеңіл киіну жағдайларын талқылау.	Кеңес: «Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимін бірдей етіп ұйымдастыру»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Музыка* «Ана» өлеңін жаттау.	Дене шынықтыру* Қимылды ойын: «Кім бірінші жинайды»	Музыка* «Көңілді әуен»	Музыка* Ойын: «Көңілді сайқымазақтар»	Дене шынықтыру* Қимылды ойын «Орман аңдары» Музыка* Ойын: «Дауысын ажырат»
Таңертенгі жаттығу	1 кешен	1 кешен	1 кешен	1 кешен	1 кешен
Таңғы ас	Ауызды толтырып сөйлемей.	Орындықты сүйремей,	Ауызды толтырып сөйлемей.	Аспазшыға рахмет айту.	Тамақтанып болғаннан кейін

		көтеріп алып келіп отыру.			алғыс айту.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жалаушалар қандай?» шарлардың түстерін ажырату.	Жануарлар бейнесіне қарап қимылдарын жасау.	Ойын: «Қай зат үлкен?» Заттардың үлкен-кішілігін салыстыру.	Ойын: «Не артық» Заттарды салыстыру.	Кітапқа қарап «жақсы», «жаман» емес» сұрақтарына жауап беру.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Сапта жүру және жүгіру түрлері. 1.Жалпы дамыту жаттығулары. 2.Негізгі бөлім. Негізгі қимыл жаттығулары -Тартылғн жіптен аттап өту. 3.Қорытынды бөлім. Демалу жаттығулары. Қимылды ойын: «кедергілерден аттап өт» Кіріктірілген ҰІӨ (Мүсіндеу, сенсорика құрастыру, жапсыру,сурет салу,сөйлеуді дамыту) Тақырыбы:	Музыка (Пән жетекшісінің жоспарымен) Кіріктірілген ҰІӨ (Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сурет салу) Тақырыбы: «Су ағыны» Көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстар, өсімдіктер мен жануарлардың маусымдық өзгерістер, адамдардың іс әрекеттері,қарды	Дене шынықтыру Сапта жүру және жүгіру түрлері. 1.Жалпы дамыту жаттығулары. 2.Негізгі бөлім. Негізгі қимыл жаттығулары - Допты қос қолмен шеңберге лақтыру. 3.Қорытынды бөлім. Демалу жаттығулары. Қимылды ойын: «Қуып жетіп ал» Кіріктірілген ҰІӨ (Көркем әдебиет, сенсорика, мүсіндеу, жапсыру) Тақырыбы: «Мысықтың тостағаны» Жұмбақ	Дене шынықтыру Сапта жүру және жүгіру түрлері. 1.Жалпы дамыту жаттығулары. 2.Негізгі бөлім. Негізгі қимыл жаттығуларын жасау. - Допты қос қолмен шеңберге лақтыру. 3.Қорытынды бөлім. Қимылды ойын: «» Кіріктірілген ҰІӨ (Қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу,құрастыру, жапсыру, мүсіндеу) Тақырыбы: «Маусымдық өзгерістер» Топқа сыйқыршы келеді,балалармен амандасып саяхат шығуға сұрайды.Балалр саяхатқа шығуға келіседі.	Кіріктірілген ҰІӨ (Сурет салу,құрастыру, жапсыру,мүсіндеу) Тақырыбы: «Қағаздағы бейнелер» –Музыка әуенімен ішке Қоян кіреді. Балалармен амандасып, өзімен бірге қағаз,қалам алып келіп сурет салғысы келетінін бірақ сала алмайтынын үйренгісі келетінін айтады. -Қоянның қолында не бар- Қағаз бен қалам бар. -Қаламмен не істейміз? -Сурет саламыз.

